


# СТУДЕНТТЕР ҚАШЫҚТАН БІЛІМ АЛУДА

Ел халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік деңсаулық сақтау үйімінде жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялаудың байланысты білім алушылардың, қызметкерлер мен педагогтардың өмірі мен деңсаулығын қорғау үшін биылғы жылдың 16 наурызынан бастап елімізде төтенше жағдай енгізілген болатын. Төтенше жағдайға байланысты М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжі де қашықтықтан білім беру технологиясына көшті. Білім алушыларға онлайн, оффлайн режимінде сапалы білім беру үшін педагогтарға вебинар жүргізілді. Вебинарда оку үрдісі барысында «Platonus», «Zoom», College SmartNation» және басқа да ресурстар арқылы қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушылар мен студенттерге нұсқаулықтар берілді.

Қазіргі таңда оку процесіне күн сайын ерекше мән беріліп, қашықтықтан оқыту бойынша білім берудің сапалы болуы үнемі бақылауға алынған. Оку бағдарламасы



орындалып, студенттер университеттің ақпараттық ресурстарын пайдалана алу үшін ұлымы кітапхана қызмет көрсетудің ерекше режиміне ауысты, яғни білімгерлердің университет

қорындағы электронды кітаптарды оку үрдісінде пайдалануына барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Колледж білім алушыларының және олардың ата-аналарының сауалдарына

уақтылы әрекет ету бойынша, студенттердің онлайн сабактарда 100% қамтамасыз етілу үшін колледж оқытушылары мен қызметкерлерінен топ жасақталып, қарқынды жұмыстар

атқарылуда. Сондай-ақ студенттердің ата-аналарымен тығыз байланыста болу үшін WhatsApp желісі арқылы чатта түсінірме жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Осы орнатылған байланыстар арқылы сабак барысына енүе арналған техникалық құралдары жеткіліксіз студенттердің жағдайы назарға алынып, колледж үжымы жабдықтармен қамтамасыз етілді. Өтілген әрбір пәннің қорытындысын жасап, жұмыс күнінің соңында мониторинг жүргізілуде. Бүгінде қашықтықтан оқыту бағдарламасы бойынша оқытушылар мен студенттер жұмысы бірізді жүйеге түсіп, оку үрдісі нәтижелі жүріп жатыр. Осындај жүйенің аясында жұмыс жасауда зиялдылық потенциалын, компьютерлік техниканы үтімді пайдалана отырып, үздікіз білім беру принциптерін жүзеге асыруда колледж оқытушылары мен студенттері кейбір артықшылықтарды негізде алып, тиімді жұмыстар атқарып жатқанын да айта кеткен жөн.

**М.ИСМАИЛОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ  
колледжі директорының тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары.**